

ГЕНЕРАЛ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында еркін күрестен генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевтың кубогына арналған жарыс өтті. Спорттық шара Қостанай қаласы әкімдігінің денешынықтыру және спорт бөлімі басқаруымен, сондай-ақ, академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызыловтың тікелей қолдауымен алғашқы рет ұйымдастырылып отыр.

Генерал есімі ұлықталған турнирге құрметті қонақ ретінде келген елімізге белгілі тұлғалар бастаған командалар қатысты. Олар: Науырзым аудандық балалар жасөспірімдер спорт мектебінің директоры, ауданның құрметті тұрғыны, жоғары дәрежедегі ұлттық төреші С.Байділдинов, Науырзым ауданының бас жаттықтырушысы Н.Серкебаев, Қарасу аудандық БЖСМ жаттықтырушысы Н.Көшербаев, Сарыкөл ауданы әкімдігінің денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы С. Мусин, Рудный қаласының БЖСМ жаттықтырушысы, ҚР спорт шебері С.Сәрсенов, БЖСМ жаттықтырушысы, ҚР жүлдегері Т.Ершебаев, ҚМПИ еркін күрестен жаттықтырушы Н. Бекенов, еркін күрестен Еуропа ойындарының чемпионы, Қостанай облысының жасөспірімдер командасының бас жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері К.Маханбетов, Қостанай қаласының БЖСМ жаттықтырушысы К.Тапалов басқарған командалар. Олар 10 салмақ дәрежесі бойынша бақ сынады.



Кубоктың салтанатты ашылуында ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі А.Нұрышев сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарыстың құрметті қонақтары да игі тілектерін білдірді. Спорт ардагері К.Жанғабылов, самбо күресінен Әлем чемпионатының 2 дүркін қола жүлдегері Б.Қосдәулетов жиналған қауымға жылы лебіздерін білдіріп, жарысқа қатысушыларға жеңіс тіледі.

Сонымен қатар, аталған іс-шарада Шырақбек Қабылбаевтың өмірі мен қызметі туралы орыс тілінде күндізгі оқыту факультетінің 3 - курс тындаушысы Т.Құдайберген және ағылшын тілінде магистратура магистранты Ә.Есіргепова баяндама жасады.

Жарыс жанкүйерлері ретінде Босния-Герцеговинада өткен еркін күрестен Әлем чемпионатына қатысушы Ахметжан Қазымбетовты еске алуға арналған республикалық турнирдің жеңімпазы Е.Ізбасаров, И.Шарибекова, И.Сиковскаяны ерекше атап өтуге болады. Олардың бәрі де республикалық олимпиада дайындығы орталығының мүшелері.

Алғашқы рет ұйымдастырылып, қатысушылар құрамының мықтылығымен ерекшеленген белдесулер өте тартысты өтті. Жарыс кезінде жас палуандар ардақты тұлға есімін асқақтатып тастады. Жарыс қорытындысы бойынша әр салмақ дәрежесінде Кубок иегерлері анықталды. Атап айтқанда, 50 келіде айбек Сүлейменов, 54 келіде қамыстылық Дамир Карабалин, 57 келіде ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Академия намысын қорғап қалған Жангелді Ақылбеков, 61 келіде Наурызым аудандық БЖСМ-нен Нұрболат Серікбаев, 65 келіде наурызымдық Жігер Қалиев, 70 келіде Академияның тағы бір палуаны Асанхан Тоқтархан, 74 келіде Мақсат Жаппар, 86 келіде Сұлтан Минтаев, 97 келіде Жолдасбек Әнуаров, 125 келіде Алтынбек Батырбеков жеңімпаз атанды.



Жалпыкомандалық есепте 1- орынды ІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы айқын басымдықпен ұтып алса, 2-орынға ҚМПИ командасы тұрақтап, 3-орынды Наурызым ауданының командасы місе тұтты. Жеңімпаз команда және жүлдегер командалар кубоктармен марапатталды.

Айдарбек АҚЫЛБЕКОВ

ІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы
Жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының
аға оқытушысы,
полиция полковнигі